


«КЕЛІСІЛДІ»

Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және инновациялар жөніндегі проректор


Е.Р. Керімбеков
«__» _____ 2026 ж.

«БЕКІТЕМІН»

Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің Басқарма мүшесі – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Ж.О.Жилбаев



«__» _____ 2026 ж.

Оқу үдерісіне ҒЗЖ ендіру АКТІ

«Электр және магнетизм» атты оқу құралын оқу үрдісіне енгізу туралы

Бұл акт «Электр және магнетизм» атты оқу әдістемелік құралы 2025-2026 оқу жылынан бастап оқу үрдісіне енгізу бойынша жасалынды.

Физика кафедрасының Б.Қ.Рахашев, Д.Т.Бердалиев, Б.С.Уалиханованың авторлығымен жарық көрген «Электр және магнетизм» атты оқу құралы жоғары оқу орындарының 6В01514 Физика (ІР), В01502 – Физика мұғалімін даярлау, 6В01510 - Физика – информатика мұғалімін даярлау, 6В01508 – Математика – физика мұғалімін даярлау білім беру бағдарламалары бойынша оқитын білімалушыларға арналған. Оқу құралы «Электр және магнетизм» пәннің оқу бағдарламасына сәйкес дайындалған.


«Электр және магнетизм» 10 тараудан тұрады, онда электростатика негіздерінен басталып, тұрақты электр тогы, әртүрлі ортадағы электр тогы, жартылай өткізгіштер, тұрақты магнит өрісі, электромагниттік индукция, электромагниттік өріс, электромагниттік тербелістер, айнымалы ток және электромагниттік толқындар тарауларына дейін тақырыптар бірізділікпен орналасқан. Бұл білім алушылардың электромагниттік құбылыстарға байланысты физикалық ұғымдарды кезең-кезеңімен меңгеруіне және теориялық білімді жүйелі қалыптастыруына мүмкіндік береді.

Оқу құралында суреттер, кестелер және негізгі математикалық өрнектер тараудың және тараушаның өзіне лайықталған нөмірлерімен белгіленген. Бұл өз кезегінде қажетті суретті, кестені немесе математикалық өрнекті тез тауып алуға және оның қорытылу барысын еске түсіруге септігін тигізеді. Әрбір тараудың негізгі өрнектері қарапайым математикалық аппараттардың көмегімен қорытылып берілген, негізгі физикалық эксперименттердің орындалу алгоритмі баяндалып, оның нәтижесі қорытындыланады.


Әр тараудың соңында игерілген теориялық білімді пысықтау мақсатында бақылау сұрақтары мен есептер беріледі. Есептер тарауда қарастырылатын электромагниттік құбылыстардың заңдылықтары мейлінше толық қамтылатындай және олардың физикалық мағынасын ашуға мүмкіндік беретіндей етіп құрастырылған. Бұл жағдай оқу құралының практикалық маңызын арттырады.

Физика кафедрасының Б.Қ.Рахашев, Д.Т.Бердалиев, Б.С.Уалиханованың авторлығымен жарық көрген «Электр және магнетизм» атты оқу құралы Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ 2025-2026 оқу жылының «Электр және магнетизм» пәнін оқыту үдерісіне ендірілігенін растаймыз.


Физика кафедрасының меңгерушісі


Әбдіқадыр Б.З

Оқу құралының авторлары


Б.Қ.Рахашев
Д.Т.Бердалиев, Б.С.Уалиханова

Академиялық істер департаментінің директоры


Бердалиев Д.Т

Ғылыми зерттеулер офисінің басшысы


Сансызбаев А.С